

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 18 маусым N 513. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.05.19. N 716 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі  
Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 18 маусымдағы  
N 513 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік  
жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы  
Ереже

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының меншігі жөнінде мемлекеттің мүдделерін білдіруге және Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігін (Қазақстан Республикасының ерекше меншігі болып табылатын объектілерден басқаларын) иелену, пайдалану және оған өкімдік ету жөніндегі құқықтарды жүзеге асыруға уәкілдік берілген орган болып табылады.

Комитет мемлекеттік меншіктегі кәсіпорындарды, бірлестіктерді, ұйымдарды, олардың құрылымдық бірліктері мен бөлімшелерін (бұдан әрі - кәсіпорындар) жеке және аралас меншік түрлеріне негізделген кәсіпорындарға айналдырылуын қамтамасыз етеді, бірыңғай мемлекеттік жекешелендіру саясатын жүргізеді.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитет республика аумағындағы және одан тысқары жерлердегі

мемлекеттік органдар мен шаруашылық субъектілеріне мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану және басқару құқыларын табыстайды.

Комитеттің мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану және оған өкімдік ету мәселелері жөнінде өз құзыры мен өкілеттігі шегіндегі шешімдері барлық деңгейдегі мемлекеттік басқару органдары мен шаруашылық субъектілері үшін міндетті болып табылады.

#### 4 . К о м и т е т :

республиканың мүлктік құқылары мен мүдделерін қорғайды; мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар мүлкі иесінің, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың, басқа да шаруашылық қоғамдары мен серіктестерінің мүлкіндегі мемлекет үлесінің заңдылығын жүзеге асырады;

тиімсіз пайдаланылатын ғимараттарды, құрылыстарды және басқа да негізгі қорларды қажет болған жағдайда мемлекеттік кәсіпорындардың балансынан балансына беру туралы шешім қабылдайды;

меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасын әзірлейді және жүзеге асырады, мемлекеттік кәсіпорындарды жеке және аралас меншік түрлеріне негізделген кәсіпорындарға айналдырады;

мемлекеттік акционерлік, соның ішінде холдинг компанияларын құрады және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейтін тәртіппен және шарттармен олардың президенттерінің тағайындалуын ұйымдастырады;

халықтың инвестициялық купондарымен жұмысты лицензиялық негізде жүзеге асыратын инвестициялық жекешелендіру қорларын құру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

мемлекеттік меншікті өзгерту мәселелерін реттейтін заңдық және нормативтік актілерінің жобаларын әзірлеуге қатысады;

мемлекет иелігінен алынуға және жекешелендірілуге жататын мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін сараптау мен құнын бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру кезінде сатушы функцияларын жүзеге асырады;

мемлекеттік кәсіпорындар негізінде акционерлік қоғамдар, басқа да шаруашылық қоғамдары немесе серіктестіктері құрылған кезде олардың құрылтайшысы болады;

мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге лицензиялар береді, инвестициялық жекешелендіру қорларының қызметін лицензиялауға қатысады және инвестициялық купондардың тиісінше пайдаланылуын бақылайды;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірге олардың қызметінің тиімділігін арттыру және республика экономикасында қалыпты

макроэкономикалық тепе-теңдіктер қалыптастыру мақсатында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру барысында пайда болатын нарықтық құрылымдарды қолдауды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірге жеке жобалар бойынша жүзеге асырылатын шетелдік заңды ұйымдар мен жекелеген адамдардың мемлекеттік меншікті жекешелендіру ісіне қатысуының тәртібі мен ш а р т т а р ы н б е л г і л е й д і ;

мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің бірыңғай мемлекеттік саясатын жүргізеді және бақылайды.

#### 5 . К о м и т е т т і ң :

мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің мемлекеттік мүлікті сату, табыстау, уақытша пайдалануға беру мәселелерін шешуге;

мемлекеттік меншіктегі кәсіпорындарды меншіктің өзге түрлеріне негізделген кәсіпорындарға айналдыру туралы шешімдер қабылдауға;

мемлекеттік меншік объектілерін мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процестерін реттейтін нормативтік және әдістемелік құжаттарды бекітуге;

жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың пікірін ескере отырып, мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің тәртібі мен нысанын белгілеуге;

мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жөніндегі жұмыстар жүргізу үшін комиссиялар құруға;

мемлекет иелігінен алуға немесе жекешелендіруге жататын мемлекеттік кәсіпорындардың балансындағы өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін тегін беру туралы шешімдер қабылдауға;

мемлекеттік меншік объектілерін мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру кезінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жеңілдіктер беруге;

мемлекеттік меншік объектілерін сату туралы заңды ұйымдармен және азаматтармен шарттар жасасуға, жаңа иеленушілердің меншік құқына кірісуін мемлекеттік актімен (куәлікпен) куәландыруға;

мемлекеттік меншікті қайта құру немесе мемлекеттік кәсіпорындарды иемдену құқын азаматтарға немесе мемлекеттік емес заңды ұйымдарға беру актілерін, соның ішінде Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік билік және басқару органдары Қазақстан Республикасының " Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы" Заңы күшіне енгенге дейін ж а с а ғ а н а к т і л е р д і т і р к е у г е ;

егер қолданылып жүрген заңдар бұзылған немесе мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келген болса, мемлекеттік мүлікті жалға беру яки оны иелену құқын өзгерту актілерінің жарамсыздығын тану туралы төрелік және сот органдарына т а л а п қ о ю ғ а ;

мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру кезінде мемлекет пен жаңа иеленушілер тарапынан өзара міндеттемелердің шарттары мен сипатын белгілеуге;

консультациялық-зерттеу және сарап қызметін құруға, Комитеттің қызметіне байланысты міндеттер мен функцияларды орындау үшін баспа қызметін жүзеге асыруға құқы бар.

6. Мемлекеттік кәсіпорындар негізінде құрылатын акционерлік қоғамдар (компаниялар, холдингтер) жөнінде Комитет акцияларының бақылау пакетін мемлекетке сақтау туралы шешім қабылдауға немесе қоғамдардың жарғы қорындағы мемлекеттің үлесін белгілеуге құқылы.

Мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғам етіп қайта құру кезінде Комитет Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігіндегі акцияларды ұстаушы функциясын жүзеге асыруға құқылы.

Комитет акциялардың мемлекеттік пакетін ұстаушысын белгілейді, мемлекеттік басқару органдарымен келісу бойынша мемлекетке қарасты акциялардың үлесіне сәйкес акционерлік қоғамдардың басшы органдарына меншік иесінің өкілетті өкілдерін тағайындайды.

7. Комитетті Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалатын Төраға басқарады.

Комитет Төрағасы лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары болады.

8. Комитетте Комитет Төрағасының, Төрағаның орынбасарларының (лауазымы бойынша), орталық аппараттың басқа мемлекеттік органдардың басшы қызметкерлерінің құрамында 15 адамнан алқа құрылады, алқа мүшелерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-нің 1994 ж. 18 қаңтардағы N 77 қаулысына сәйкес.

9. Комитеттің орталық аппараты мен оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті бойынша мемлекеттік басқару органдарын ұстауға көзделген қаражат есебінен қаржыландырылады.

Орталық аппараттың штаттық кестесін Комитет Төрағасы бекітеді.

Ескерту. 9-тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

10. Комитет пен оның аумақтық органдары мемлекеттік мүлікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді жүзеге асырушы төменгі аумақтық бөлімшелер жоғарғы бөлімшелерге бағынатын біртұтас жүйені құрайды.

Аумақтық комитеттердің басшыларын Комитет Төрағасы жергілікті әкімдермен келісе отырып тағайындайды.

11. Комитет заңды ұйым болып табылады, оның Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде  
жазылған мөрі бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК